

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 233-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. ҚР 1997.06.19 N 134 заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді.

Осы Заң Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының мәртебесін, құрылымын, өкілеттігін және қызметінің ұйымдастырылуын белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда, мәтіндегі "Жарлық", "Жарлықта", "Жарлықпен" "Жарлықты", "Жарлыққа", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңда", "Заңмен", "Заңды", "Заңға", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

1 ТАРАУ. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (бұдан әрі – Республикалық ұлан) – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және өз құзыреті шегінде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Республикалық ұлан мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның нақты және шартты атауы, мөрлері, мөртабандары, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шоттары б о л а д ы .

Республикалық ұлан әскери құрама болып табылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

3-бап. Республикалық ұлан қызметінің принциптері

1. Республикалық ұланның қызметі заңдылық, дара басшылық, жариялылық, басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. **Алынып тасталды - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.**

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516, 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Республикалық ұланның міндеттері

1. Республикалық ұланның міндеттері мыналар:

- 1) күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;
- 2) дәстүрлік рәсімдердің орындалуына қатысу;
- 3) аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін үйлерді, ғимараттарды және қызметтік жайларды күзету;
- 4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзету;
- 5) әскери және төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру.

2. Республикалық ұланның өзге міндеттерін Қазақстан Республикасының Президенті белгілеуі мүмкін.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

2 ТАРАУ. Республикалық ұланның құрылымы, саны және онда қызмет атқару

5-бап. Республикалық ұланның құрылымы мен саны

1. Республикалық ұлан құрамалардан, бөлімдерден, бөлімшелер мен қамтамасыз ету органдарынан тұрады.

2. Республикалық ұланның ұйымдық құрылымы мен санын Қазақстан

Республикасының Президенті белгілейді.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.06.26 № 234 Заңымен.

6-бап. Республикалық ұланның кадрлары

1. Республикалық ұланның кадрлары әскери қызметшілер мен қызметкерлерден тұрады.

2. Республикалық ұланда қызмет өткере тін әскери қызметшілерге, осы Заңда көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру тәртібін реттейтін заңдардың күші қолданылады. Республикалық ұланның әскери қызметшілері арнайы тексеруден өтеді.

3. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің әскери атақтары, айырым белгілері және олар үшін белгіленген киім үлгісі болады.

4. Республикалық ұлан қызметкерлерінің еңбек қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516, 2007.05.15 № 253 Заңдарымен.

7-бап. Республикалық ұланды жасақтау

1. Республикалық ұлан:

1) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтардың;

2) ерікті негізде келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамалары әскери қызметшілерінің;

3) жапастан шақырылған әскери қызметшілердің арасынан жасақталады.

2. Азаматтарды Республикалық ұланға мерзімді әскери қызметке шақыруды Республикалық ұланға қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

3. Республикалық ұланға мерзімді әскери қызметтегі қызметшілерді іріктеп алуға басымдық беріледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.07.10 № 338, 2004.01.08 № 516 Заңдарымен.

8-бап. Республикалық ұлан үшін кадрлар даярлау

1. Республикалық ұлан үшін офицерлер даярлауды Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің жоғары оқу және әскери-оқу орындары жүзеге асырады.

2. Республикалық ұлан үшін сержанттарды (старшиналарды) және маман солдаттарды даярлау Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының бөлімшелерінде және Қарулы Күштерінің оқу орындарында жүзеге асырылады.

3. Республикалық ұланның офицерлік құрамының кәсіптік деңгейін көтеру оқу және әскери-оқу орындарының факультеттерінде, кафедралары мен курстарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516, 2007.05.22 № 255 Заңдарымен.

9-бап. Республикалық ұландағы әскери атақтар, киім үлгісі мен айырым белгілері

1. Республикалық ұланның офицерлеріне олардың атқаратын лауазымдары бойынша әскери атақтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде осыларға ұқсас лауазымдар бойынша көзделген әскери атақтардан бір саты жоғары тағайындалады.

2. Республикалық ұланның туы, нышаны, айырым белгілері және нысанды киімі болады, олардың үлгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

3 ТАРАУ. Республикалық ұланның міндеттері мен құқықтары

10-бап. Республикалық ұланның міндеттері

Республикалық ұланға мынадай негізгі міндеттер:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, экс-президенттері мен олардың отбасыларының және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарының, сондай-ақ шет елдердің мемлекет, үкімет басшылары және халықаралық ұйымдар басшылары Қазақстан Республикасының аумағында болған кезеңінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын аса маңызды мемлекеттік объектілерді, сондай-ақ күзетілетін тұлғалардың болуы үшін бөлінген үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен оған іргелес жатқан аумақтар мен су айдындарын, әуе кемелерін, жер бетіндегі көлікті және су көлігін, олардың тұрған жерлерін күзету;

3) өз құзыреті шегінде терроризмге қарсы операцияларға қатысу, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялардың құқықтық режимін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының эталондарын күзету;

5) хаттамалық іс-шараларды өткізу кезінде, Қазақстан Республикасының мерекелері мен салтанаттарында дәстүрлік рәсімдердің атқарылуына қатысу;

6) әскери және төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасының

заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыру жүктеледі.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.01.08 № 516, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.08 № 266-IV Заңдарымен.

11-бап. Республикалық ұланның құқықтары

1. Республикалық ұланға өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде:

1) Республикалық ұланға өз міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтірген адамдардың құқыққа қарсы әрекеттерін тоқтатуды талап ету, талабы орындалмаған жағдайда осы Заңда көзделген шараларды қолдану;

2) азаматтар мен лауазымды адамдарды күзетілетін объектілерге өткізу кезінде олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру;

3) күзетілетін адамдарға немесе күзетілетін объектілерге қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамдарды ұстау, кейіннен оларды құқық қорғау органдарының қолына беру;

4) күзетілетін объектілердегі көлік құралдары мен жүктерге тексеру жүргізу;

4-1) терроризмге қарсы операцияға қатысу және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз ету кезінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану;

5) осы Заңда көзделген жағдайларда және тәртіпке сәйкес қаруды, жауынгерлік техника мен арнайы құралдарды қолдану;

6) төтенше жағдай тұсындағы міндеттерін орындау кезінде телекоммуникациялық желілерді пайдалану;

7) қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен қару-жарақ, арнайы құралдар мен техника алу;

8) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9) Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету тәртібі мен нормаларын айқындау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу құқығы беріледі.

2. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде табельдік қаруы мен арнайы құралдарды сақтауға және алып жүруге құқығы бар.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді), 2010.04.08 № 266-IV Заңдарымен.

4 ТАРАУ. Республикалық ұланның Қолбасшылығы

Ескерту. 4-тараудың атауы өзгерді - ҚР 1998.06.26 № 234 Заңымен.

12-бап. Республикалық ұланның Қолбасшысы

1. Республикалық ұланның Қолбасшысы Республикалық ұланға тікелей басшылықты жүзеге асырады, оны Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

2. Республикалық ұланның Қолбасшысы:

- 1) Республикалық ұланды тұрақты жауынгерлік әзірлікте ұстайды;
- 2) Республикалық ұланның қызмет бабындағы жауынгерлік ісіне, оперативтік және жауынгерлік даярлығына басшылық етеді;
- 3) Республикалық ұлан туралы ережені, Республикалық ұланның ұйымдық құрылымы мен саны жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;
- 4) Республикалық ұланды әскери қызметшілермен жасақтаудың жоспарын бекітеді;
- 5) Республикалық ұлан құрамаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің және қамтамасыз ету органдарының штаттарын бекітеді;
- 6) құрама командирінің орынбасарына дейінгі қызметтерге тағайындайды, Республикалық ұлан Қолбасшысының орынбасарлары және құрамалар командирлері қызметтеріне тағайындау туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар енгізеді;
- 7) бастапқы офицер атағын және полковникке дейінгі атақты қоса әскери атақтар береді;
- 8) Республикалық ұланның әскери қызметшілерін запасқа және отставкаға шығарады;
- 9) Республикалық ұланның әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметшілерін мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсынады;
- 10) бұйрықтар, нұсқаулар шығарады, Республикалық ұланның жауынгерлік және арнайы даярлығының жоспарларын, нұсқаулықтарын мен ережелерін, бағдарламаларын бекітеді;
- 11) мемлекеттік органдарда Республикалық ұланнан өкілдік етеді;
- 12) Республикалық ұланның Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;
- 13) қызмет құжаттамасына қол қояды.

2

3. Республикалық ұланның Қолбасшысы Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдарында және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларында көзделген құқықтарды пайдаланады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.06.30 № 140, 1998.06.26 № 234, 2001.10.10 № 247, 2004.01.08 № 516 Заңдарымен.

13-бап. Республикалық ұланның қолбасшылығы

1. Республикалық ұланның Қолбасшылығын Республикалық ұланның Қолбасшысы басқарады. Қолбасшылық құрамына Республикалық ұлан Қолбасшысының бірінші орынбасары және орынбасары кіреді.

Республикалық ұлан Қолбасшысының бірінші орынбасарын және орынбасарын Республикалық ұлан Қолбасшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

2. Республикалық ұлан қолбасшылығы:

1) Республикалық ұланды ұдайы әскери әзірлікте ұстау жөніндегі іс-шараларды талдап жасау және оның орындалуын ұйымдастыру;

2) Республикалық ұланның өзіне жүктелген міндеттерді орындауы кезінде қалыптасқан ахуал туралы мағлұматтар жинау мен талдау;

3) Республикалық ұландағы жедел және жауынгерлік даярлыққа, оқу-тәрбие процесіне басшылық жасау;

4) Республикалық ұланның қызметтік-жауынгерлік ісін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

5) әлеуметтік-құқықтық жұмыс іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету;

6) кадрларды іріктеу, орналастыру мен тәрбиелеуді жүзеге асыру;

7) адам құрамын есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру;

8) материалдық құралдар қозғалысының есебін жүргізу және оларды заңда белгіленген тәртіппен есептен шығару жөніндегі жұмысқа басшылық жасау міндеттерін атқаруға тиіс.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.06.26 № 234 Заңымен.

5 ТАРАУ. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің мәжбүр ету шараларын, арнайы құралдар, күш пен қару қолдануы. Жауынгерлік техниканы пайдалану

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

14-бап. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің мәжбүр ету шараларын қолдануының шарттары мен шегі

1. Республикалық ұланның әскери қызметшілері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде мәжбүр ету шараларын осы Заңда көзделген жағдайларда және тәртіпке сәйкес қолдануға құқылы.

2. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің жауынгерлік техниканы, қару мен арнайы құралдарды қолданған жағдайлары туралы тиісті командирлер прокуратура органдарын жиырма төрт сағат ішінде хабардар етеді.

3. Мәжбүр ету шараларын қолдану шегінен асқан Республикалық ұланның

әскери қызметшілері заңда белгіленген ретпен жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

15-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің арнайы құралдар мен күш қолдануы

1. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде мынадай жағдайларда:

1) күзетілетін адамдарға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ күзетілетін объектілер мен жүктерге жасалған шабуылды тойтару үшін;

2) Республикалық ұланның әскери қызметшісінің өмірі мен денсаулығына қатер төндірген қарсылықты тыйып тастау үшін;

3) атыс қаруы мен суық қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, химиялық және улы заттарды жандарында заңсыз ұстап, қарсылық көрсеткен адамдарды қ а р у с ы з д а н д ы р у ү ш і н ;

4) Республикалық ұлан құрамалары орналасқан жерлерге жасалған шабуылды т о й т а р у ү ш і н ;

5) кепілге алынған адамдарды құтқару, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды, көлік құралдары мен жүктерді босату үшін;

6) жүргізушісі Республикалық ұланның әскери қызметшісінің заңды талаптарын орындамаған көлік құралын тоқтату үшін арнайы құралдар мен күш қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы ғы б а р .

2. Әйелдерге, мүгедектік белгілері анық байқалған адамдарға және кәмелетке толмағандарға қарсы, олар адамдардың өміріне қатер төндіретін қарулы қарсылық көрсеткен, топтасып немесе өзгедей шабуыл жасамаған жағдайларда, арнайы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

3. Арнайы құралдар тізбесі мен Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің оларды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

16-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің қару мен жауынгерлік техниканы қолдануы

1. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің бейбіт уақытта қару мен жауынгерлік техниканы тек мынадай айрықша жағдайларда ғана:

1) күзетілетін адамдарды қылмысты қол сұғушылықтан қорғау үшін;

2) күзетілетін объектілерге, қарауылға, ғимараттар мен арнаулы жүктерге, Республикалық ұлан құрамаларының орналасқан жерлеріне жасалған шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ күзетілетін объектілерге кіруге тырысқан әрекеттерді т ы й ы п т а с т а у ү ш і н ;

3) қарсылық көрсеткен не қылмыс жасау үстінде көзге түскен адамдарды ұстау үшін, қаруын тапсыру жөніндегі талапты орындаудан бас тартқан

адамдарды ұстау үшін;

4) кепілге алынған адамдарды құтқару, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттар мен арнаулы әскери жүктерді босату үшін;

5) дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін қолдануға құқығы бар.

2. Атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы жарылыс қаупі бар қоймалар мен сақтау орындарының бағытында, бейсауат адамдар зардап шегуі мүмкін сәттерде адамдар едәуір топтасқан жерлерге қарай, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа уақыттарда, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қарсы қолдануға тыйым салынады.

3. Қару мен жауынгерлік техниканы қолданған кезде Республикалық ұланның әскери қызметшісі айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

4. **Алынып тасталды - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.
Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.**

6 ТАРАУ. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы, әлеуметтік қорғалуы және жауапкершілігі

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08. № 516 Заңымен.

17-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы

1. Республикалық ұланның әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы осы Заңмен және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Республикалық ұланның әскери қызметшілері қызмет бабындағы міндеттерін орындаған кезде өкімет өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

3. Республикалық ұланның әскери қызметшісіне оның жеке басы мен өкілеттіктерін растайтын қызмет куәлігі беріледі.

4. Төте және тікелей бастықтарынан басқа ешкімнің де Республикалық ұланның әскери қызмет ісіне араласуға хақысы жоқ.

5. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне партияларда, кәсіптік одақтарда болуға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетуге, ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге қатысуға, өзге де ақы төленетін қызметпен (оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа) айналысуға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органына немесе байқаушылар кеңесіне кіруге тыйым салынады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

18-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау

1. Республикалық ұланның әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Республикалық ұланның әскери қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне қосымша жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау кепілдіктері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1997.06.19 № 134-І, 2004.01.08 № 516, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-1-бап. Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне ақшалай үлес

Республикалық ұланның әскери қызметшілеріне ақшалай үлесі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.10.10 № 247 Заңымен.

18-2-бап. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің жауапкершілігі

Республикалық ұланның әскери қызметшілері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны және заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Республикалық ұлан қызметшілерінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған командирге және (немесе) сотқа белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 18-2-баппен толықтырылды - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

7 ТАРАУ. Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

19-бап. Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Республикалық ұланды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.22 № 327, 2004.01.08 № 516, 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді) Заңдарымен.

19-1-бап. Республикалық ұланды мұнай өнімдерімен жабдықтау ерекшеліктері

Республикалық ұлан мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан сатып а л а д ы .

Ескерту. 7-тарау 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8 ТАРАУ. Республикалық ұланның қызметін бақылау мен қадағалау

20-бап. Республикалық ұланның қызметін бақылау

1. Республикалық ұланның қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

2. Республикалық ұланның Қолбасшысы Республикалық ұланның қызметі туралы Қазақстан Республикасының Президентіне жыл сайын мағлұмат беріп о т ы р а д ы .

3. Республикалық ұланның құрамаларында ведомстволық бақылауды Республикалық ұланның Қолбасшысы жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

21-бап. Республикалық ұланның қызметін прокурорлық қадағалау

Республикалық ұланда заңдардың, Республика Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі біркелкі орындалуына қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратурасы жүзеге асырады.

22-бап. Республикалық ұландағы қаржылық бақылау

Ескерту. Алынып тасталды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді) Заңымен.

9 ТАРАУ. Қорытынды және өтпелі ережелер

Ескерту. 9-тарау алынып тасталды - ҚР 2004.01.08 № 516 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК